

# SHÁKÁRIM

SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI  
SEMĖI

# SHAŇYRAĖY

Ақпараттық-танымдық басылым

2019 жыл №9 (121) қараша



## МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

**Шәкәрім университеті өкілдері Семей медицина университеті базасында “Ядролық медицина бойынша мамандарды даярлау үшін білім беру бағдарламаларын әзірлеу” тақырыбында дөңгелек үстелге қатысты.**

Дөңгелек үстел аясында тарихи оқиға орын алды. Семей медицина университеті мен Шәкәрім университеті арасында “Медициналық физика” мамандығы бойынша магистратураның білім беру бағдарламасын әзірлеу бөлігіне байланысты меморандумға қол қойылды.

Сондай-ақ Ядролық медицина және онкология орталығы өкілдерінің қатысуымен “Мамандарды дайындау үшін ядролық медицинаның клиникалық базасын дамыту перспективалары”, “Физика және медицина тұрғысынан “Медициналық физика” магистратурасының білім беру бағдарламасын әзірлеу”, “Резидентура деңгейінде радиология/ядролық медицина бойынша мамандарды даярлау перспективалары” тақырыптары талқыланды.

Сонымен қатар “Медициналық физика” мамандығы бойынша магистратураның білім беру бағдарламаларын, “Ядролық медицина” мамандығы бойынша резидентура және клиникалық хаттамаларды әзірлеу бойынша 3 жұмыс тобын құру туралы бірлескен шешім қабылданды.

Айта кетейік Семей қаласының алдыңғы қатарлы екі жоғарғы оқу орны арасында жасалған меморандум «Медициналық физика» мамандарының дамуына берілген үлкен мүмкіндік.





# АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘДІГЕРЛЕР ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІНЕ ШОҒЫРЛАНДЫ

**Шығыс Қазақстан облыстық өлкетану мұражайы Шәкәрім университетінде көшпелі көрме жұмысын ұйымдастырды.**

Еске сала кетейік биыл Шәкәрім университетінің археологиялық экспедициясына 20 жыл толған болатын. Осы уақыт аралығында университет Шығыс Қазақстан археологиялық-этнографиялық зерттеулеріне зор үлес қосты.

Шараның басты қонағы археолог, ғалым Зейнолла



Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің 85 жылдық мерей тойына орай ұйымдастырылған аймақтық «Шығыс Қазақстанның соңғы жылдардағы археологиялық-этнографиялық зерттеулеріндегі Шәкәрім университетінің үлесі» университетінің археологиялық-этнографиялық экспедициясының 20 жылдығына арналған «Open space»



Самашев және үшінші Алтын адамды тауып, сенсациялық жаңалық алып келген профессор Әбдеш Төлеубаев болды.

Белгілі ғалымдар жоғарғы оқу орнының студенттері мен қала мектептерінің оқушы, ұстаздарына “Шілікті алтын обасы”, “Елеке сазындағы зерттеулер” тақырыбында қызықты дәрістер оқыды.

Екі күнге ұйымдастырылған көшпелі көрме- келуші жастардың ұлттық намысын оятып, өңіріміздің тарихи табыстары мен өнегелі істерін мақтан тұтуына зор әсерін тигізді.

Қос ғалымға Шәкәрім университетінің ең жоғарғы мадағы “Шәкәрім университетінің құрметті профессоры” атағы берілді.

## УНИВЕРСИТЕТ ТҮЛЕКТЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

**Шәкәрім университетінде университет түлектері мен жергілікті атқару органдары, заң қызметкерлерімен ақпараттық кездесу өтті.**

Экономикалық, аграрлық, педагогикалық бағыт бойынша өткен кездесуде студенттердің алдағы уақытта жұмысқа орналасу кезінде басшылыққа алатын негізгі нормативтік актілер мен заңдарды түсіндіріп, жас мамандарға көмек көрсету үшін мемлекетіміз жүзеге асыратын бағдарламалар туралы айтылды.

Түлектермен кездесуге Семей қаласының, Шемонаиха, Бесқарағай, Жарма, Курчатова, Риддер аудандарының жұмыспен қамту орталықтарының, аудандық әкімдіктердің мамандары, мектеп директорлары, кәсіпорын басшыла-



ры келді.

Қонақтар студенттерді өз аудандарымен, еңбек жағдайымен, тұрмыс жағдайымен, бос жұмыс орындарымен таныстырып, аудандарға практикаға, жұмысқа шақырды.

Студенттер қызығушылықпен тыңдаған баяндамаларынан кейін заңгер мен жұмыс берушіге еңбек жағдайлары, бос жұмыс орындары, жалақы туралы сұрақтарын қойды.

Кездесу соңында түлектер өздерін қызықтырған мамандарға келіп, толығырақ ақпарат алды.



# ЕУРОПА ҚАЗАҚТАР ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ

*Университеттің Қазақ тілін үйретудің халықаралық орталығына қазақ тілін жетік меңгеру үшін Еуропа қазақтар федерациясының президенті Мұрат Ермиш келді.*

Айта кетейік, ағымдағы жылы университетімізде өткен «Білім құрылтайында» әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған қандастарымыздың арасында Мұрат Ермиш мырза да болған болатын. Араға көп уақыт салмай қазақ тілін, жазу емлесін үйрену үшін Еуропадан арнайы келген екен. Бүгін Қазақ



Елім деген азматтың «Біз қазақ екенімізді мақтан тұтуымыз керек» деген мотивациялық сөздері жастардың патриоттық сезімін одан әрі оята түсті.

Жиын барысында Шәкәрім университеті мен Еуропа қазақтар федерациясы арасында меморандумға қол қойылып, ынтымақтастық көпірі нығайа түсті.

Мұрат мырза «Болашақта балаларымыз да осынау рухани астанаға келсе» деген ниетін де жеткізді.

филологиясы факультеті студенттерімен кездесіп, серпіліс беретін әсерлі жиын өткізді. Еркін форматта өткен жиында қызықты әңгімелер айтылып, түрлі сұрақтар қойылды.


## РУХАНИ ДӘРІС

*Шәкәрім университетінің Жоғарғы Агротехникалық колледжінде тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Мұхтарбек Қарпықұлы дәріс сабақтарын өткізді.*



Тұңғыш Президент күніне орай өткізілген дәрістің мақсаты студенттердің патриоттық сезімін, ұлттық санасын қалыптастыру болды.

Мұхтарбек Қарпықұлы тарихымыздың өткен күндер оқиғаларынан бастап, бүгінгі күнге дейінгі кезеңдер туралы тың деректерді қамтыды. «Еліміздің туын көкке көтеретін, намысын қорғайтын, бүгінімізді ертеңіне жалғайтын, жалынды жастар тарихымызды әрқашан жүректерінің түкпіріне сақтап, жадында ұстайды деп сенеміз» дейді ұйымдастырушылар.



## ШӘКӘРІМ СТУДЕНТТЕРІ НҮР-СҰЛТАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

*Таяуда университетіміздің 50-ге тарта студенті Елордаға аттанды. Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Болашаққа жол өзіңнен басталады» атты семинар-тренинг бұл жолы Тұңғыш Президент күніне орай ұйымдастырылуда. Елбасы кітапханасында өтетін семинар-тренинг екі күнге созылмақ.*

Студенттерді арнайы шығарып салу рәсімінде ректор кеңсесінің басшысы Марат Абдиқаримов жастарға ақ жол тілесе, Филология ғылымдарының докторы, профессор Арап Еспенбетов ақ батасын беріп, сәт-сапар тіледі.

Айта кетейік жыл сайын еліміздің түкпір-түкпірінен жиналатын бұл басқосуға Шәкәрім университеті де бірнеше жылдан бері атсалысып келеді.

Екі күн бойы студенттерге белгілі ғалымдар дәрістер оқып, түрлі командалық ойындар ойнататын болады. Сондай-ақ студенттер әртүрлі мұражайларға экскурсия жасап, дүниетанымын кеңейтуге, өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндік алады.



## «ҮШ АНЫҚ» АПТАЛЫҒЫ ӨТУДЕ

**Шәкәрім университетінде «Үш анық» апталығы өтуде. Бұған дейін біз Шәкәрім университетінің 85 жылдық мерейтойына орай университет ректоры Мейір Ескендіров барлық факультетте болып, студенттерге Шәкәрім Құдайбердіұлының «Үш анық» кітабын табыстағанын айтқан болатынбыз. Ендігі мақсат сол кітаптың мазмұнын мән-мағынасын жеткізу.**

«Үш анық» философиялық трактат болғандықтан кей студенттерге оны түсіну қиынға түсетіні белгілі. Сол себепті де арнайы даярланған мамандар бұл еңбекті студенттерге түсіндіріп, бірге талқылауды жөн көрді.

Қазақ Филологиясы факультетінен бастау алған бұл үрдісті «Үш анық» еңбегінің жауапты ректоры Арай Жүндібаева «Үш анық еңбегі және жастар тәрбиесі» дәрісімен жалғастырды. Тарих және саясаттану оқу кафедрасының доценті Дана Жаркимбаева «Шәкәрімнің Үш анығы философиялық ілімі ретінде» дәрісін университет магистранттары, докторанттары және оқытушылар құрамы арасында өткізді. Сондай-ақ Дулат Бабатайұлы атындағы ақынды мектебі әрбір тарауына тоқталып, талдау жасады. Және геодезия және құрылыс кафедрасы «Шәкәрім мұрасы «Үш анық» – рухы биік жастар жолы!» атты интеллектуалды ойын өткізді.

Кездесуге қатысқан студенттер еңбектің мазмұнына терең үңіліп, бірге талдады және сұрақтарын қойып, қорытынды пікірлер айтты. Тәлім-тағылым мол осындай іс-шаралар алдағы уақытта басқа факультеттің студенттерімен де өткізіледі деп жоспарлануда. Жыл бойы жалғасатын «Үш анық» еңбегінің мазмұны арқылы Шәкәрім тәрбиесін шәкірттерге жеткізу шарасы ескелең ұрпақ өміріне қосылатын өлшеусіз үлес болары сөзсіз.

## СТУДЕНТТЕР «САМҰРЫҚ ҚАЗЫНА» АҚ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

**Шәкәрім университетінде «Самұрық Қазына» АҚ өкілдері университет студенттерімен кездесті.**

Кездесу барысында «Жас Өркен» бағдарламасы таныстырылды. Аталған бағдарлама «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларында оқу және жұмысқа орналасу мақсатында жоғарғы оқу орнының талантты түлектерін іріктеуді қарастырады.

Бағдарлама іріктеудің төрт кезеңін және одан әрі топ-менеджменттің тәлімгерлігімен кәсіпорындарда 5 айлық ақы төленетін ротацияны қамтиды.

120-дан астам бакалавриат және магистратура түлектері баяндамашыны қызығушылықпен тындап, көптеген сұрақтарына жауап алды.

Іскерлік әрі еркін форматта өткен кездесуде «Самұрық Қазына» АҚ атынан Шәкәрім университетінің белсенді студенттері арасында сыйлықтар ойнатылды.

Бағдарламаға қызығушылық танытқан студенттер «Бұл пайдалы кездесу болды. Болашақта үлкен кәсіпорындарда қызмет жасау мүмкіндігі тууда. Ұйымдастырушыларға алғыс білдіреміз» дейді.



## ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ ӨТТІ

**Шәкәрім университетінің CO-working орталығында «Коммуникативті өзара іс-қимылды құру» атты психологиялық тренинг өтті.**

Тренинг спикерлері Гуманитарлық факультет доценттері Оксана Беленко, Гүлнар Тұрсынғожинова және Шолпан Абишева болды.

«Рухани Жаңғыру» бағдарламасы, «Ұлы даланың жеті қыры» жобалары аясында өткен тренинг қатысушылардың коммуникативтік дағдыларын, эмпатикалық шеберлікті, көшбасшылық қасиеттерді дамытуға ықпал етті.

Тренингке университет мамандары қатысып, қызу пікірталас алаңын жүргізді. Қатысушылар өзара коммуникативті қарым-қатынас жасау арқылы тәжірибе алмасып, біліктіліктерін арттырды.

«Еліміздің дамуының басты кепілі дені сау ұлт екені белгілі. Мұндай психологиялық тренингтер адамдардың сергуіне, өзара қарым-қатынас жасауына, жаңаша орта қалыптастыруына үлкен септігін тигізеді» дейді ұйымдастырушылар.





**Шәкәрім университеті қалалық «VEN BALY – 2019» байқауында жетінші жыл қатарынан бас жүлдені иеленді.**

Вен балы «Қазақстан студенттерінің Альянсы» РСҚ Семей қаласындағы бөлімшесінің ұйымдастыруымен және «Семей қалалығының Ішкі саясат бөлімі» ММ мен «Жастар ресурстық орталығының» қолдауымен 10-шы жыл дәстүрлі түрде өтіп отыр.

Шараға қаламыздың жоғары

оқу орындары мен колледждерінен барлығы 200-ге жуық студент қатысты.

Кештің арнайы қонақтары қала әкімінің орынбасары Садырбаев Айдар Серікқазыұлы мен «Қазақстан студенттерінің Альянсы» Президенті Түстікбаев Ілияс болды.

Шәкәрім университетінің намысын қорғаған ақпараттық-коммуникациялық технологиялар факультеті, жаратылыстану-математика факультеті мен өнер

және спорт факультеті белсенділері биыл да бас жүлдені қанжығасына байлады.

Екінші орынды Қазақ инновациялық-гуманитарлық заң университеті иеленсе,

Үшінші орынды Семей медицина университеті иеленді.

Тартысты өткен додада университет командасы өздерінің ерен дайындықтарын көрсетіп, мықтылығын тағы бір мәрте дәлелдеді.

**Шәкәрім университетінде «Shákárim ligasy-ның» 1/8 ойындары өтті.**

## «SHÁKÁRIM LIGASY-НЫҢ» 1/8 ОЙЫНДАРЫ ӨТТІ

Бұл жолы әр факультеттен құралған 10 команда өзара бақ сынасып, өнерлерін ортаға салды.

Өнерімен мойындатып, шешендігімен, тапқырлығымен көзге түскен, көрерменнің таңдайын қақтырған №3, 4 жатақхананың студенттерінен құралған «Оригинал» командасы әділқазылар алқасының шешімімен жеңімпаз атанды.

Өр команда өзінше ерекшеленіп, жақсы ойын өрнегін көрсете білді.

«Бүгін де «Жайдарман» ойындары жастардың шығармашылық алаңы ғана емес, қоғамдағы түйткілді мәселелерді әзілмен астарлай жеткізетін өнер додасына айналған және жастар сүйіп көретін ойыны» дейді ұйымдастырушылар.

Айта кетейік «Shákárim ligasy-ның» әр жыл сайын дәрежесімен қатар, қызығып ойнайтын командалары да артып келеді. Алдағы уақытта осы 10 команда финалға дейін тартысты ойын көрсететін болады.

## «Екі жұлдыз» ән байқауы өтті

**Шәкәрім университетінде «Екі жұлдыз» ән байқауы өтті. Жүп болып ән шырқаған әр факультеттің студенттері мен оқытушылары жиналған қауымды өнерімен тәнті қылды.**

Қатысушылардың үстіндегі сәнді костюмдер мен аса тағампаздықпен тандалған әсем әндер, түрлі-түсті жарықтармен көмкерілген сахна. Мұның барлығы кештің ерекше әсерде өтуіне септігін тигізді.

Байқаудың қорытындысы бойынша

1-орынды экономика және құқық факультетінің оқытушысы Жұртыбаева Индира мен студенті Оразқызы Толқын иеленді.

2-орынды инженерлік-технологиялық факультетінің оқытушысы Сыдықова Аида мен студенті Сансызбай Абылайхан

3-орынды гуманитарлық факультеттің оқытушысы Алия Ануарбекова мен Абзалбекова Сана иеленді.

Ал «Super Like» аталымы бойынша жеңімпаз атанған инженерлік-технологиялық факультетінің жұбы арнайы жүлдеге ие болды.



# ХИМИЯ ПӘНІНЕН АЙМАҚТЫҚ ОЛИМПИАДА ӨТТІ

**Шәкәрім университетінде Профессор М.Ф.Яшқарова атындағы оқушылардың химия пәнінен аймақтық олимпиадасы өтті.**

Олимпиадаға облысымыздың алыс, жақын аудандарынан және қала мектептерінен 102 оқушы қатысты. Олимпиада нәтижесі бойынша 11 сыныптар арасында жүлделі 1 орын “Университет грантын” Үржар ауданы, Б.Майлин атындағы ОМ оқушысы Сейтқан Балғын жеңіп алды. 10 сыныптар арасында жүлделі 1 орын 42 ОМ оқушысы Кадырбекова Дильназға бұйырды. 9 сыныптар арасында 1 орынды Шүлбі ОМ оқушысы Абрешова Адия иеленді.

9,10,11 сынып оқушылары арасында өткен олимпиада оқушылардың сүйікті пәніне деген ынтасын арттырса, түлектерге университет грантын ұтып алуға мүмкіндік сыйлайды. Олимпиадаға белсене қатысқан оқушылар арасында болашақта Шәкәрім университетінің студенті атансам деп ниет білдіргендері де болды.



## «ЖУРНАЛИСТЕР ДОДАСЫ» БАЙҚАУЫ ӨТТІ

**Шәкәрім университетінің «COWORKING» орталығында «Журналистика» кафедрасының «Журналистер додасы» байқауы өтті.**

Жастардың шығармашылығын арттыру мақсатында өткен байқау екі кезеңнен тұрды.

Жас журналистер бірінші кезеңде өздерін телевидение саласында көрсетсе, екінші «Жаза білесің бе?» кезеңінде ұсынылған тақырыпқа шағын заметка жазды.

Байқауға белсенділік танытып, журналистік шеберлігін әр қырынан көрсете білген 3 курс студенті Ахметбек Аида сайыстың жүлдегері атанды.

Университет түлегі «Орман дауысы шаруашылығы» газетінің тілшісі Советжанов Мұхтар байқаудың өтуіне атсалысып, жүлдегерлерге арнайы сыйлығын тарту етті. Бұл конкурс алдағы уақытта дәстүрлі түрде жалғасатын болады дейді ұйымдастырушылар.

Айта кетейік, мұндай байқаулар сегіз қырлы, бір сырлы маман иелерінің дамуына үлкен септігін тигізеді.

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ВЕБИНАР ӨТТІ

**Шәкәрім университетінде «Тіл және қоғам. Латындандырудың мәні» пікірталас форматындағы республикалық вебинар өтті.**



Шәкәрім университетінде «Тіл және қоғам. Латындандырудың мәні» пікірталас форматындағы республикалық вебинар өтті. Онлайн форматта өткен пікірталасқа Шәкәрім университеті Қазақ Филологиясы факультеті, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының филиалдары, «Павлодар облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» және «Шығыс Қазақстан облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» қатысты.

Вебинар қатысушылары латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін үйретудің тиімді әдіс-тәсілдері, қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша жүргізілетін біліктілікті арттыру курстарында білім беру үдерісін ұтымды ұйымдастыру жолдары туралы пікірталас жүргізді.

Вебинар барысында «Қазақ жазуының тарихы және тіл мәселесі» «Латын әліпбиіне көшу – рухани жаңғыру талабы» атты баяндамалар оқылды. Шара соңында Шәкәрім университетінің өкілдері «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы филиалдарының қызметкерлерін жоғарыда аталған мәселелер төңірегінде конструктивті диалог құруға шақырды.



# Жыр айдынынан...



**Камет Мейіргүл  
Мұралбекқызы  
Шәкәрім  
университеті,  
қазақ филологиясы  
факультетінің  
1-курс магистранты.  
Дулат Бабатайұлы  
атындағы ақындар  
мектебінің жас  
ақыны.**



**Сейсек Мейіргүл  
Төлеубекқызы  
Шәкәрім  
университетінің  
«Қазақ тілі  
және әдебиеті»  
мамандығы  
бойынша 1-курс  
студенті.  
Дулат Бабатайұлы  
атындағы ақындар  
мектебінің жас  
ақыны.**

## АТАЖҰРТҚА АҚ НИЕТ

Қара суы сөзілген балдай тәтті,  
Қараша үйде шыбын жаны дамылдапты.  
Қайтарында қайран бабам туған жердің,  
Топырағын жамылуды армандапты.

Жатта жүрген жат көзге жалынышты,  
Елді аңсаудан үйренер сағынышты.  
Қиырдағы қандастың хәлі мұң-ау,  
Өртесе "отан" деген жалын ішкі.

Добы десек Алланың адам басы,  
Қайғы келсе қыр асар қарындасы.  
Ес кіріп, етек жеңді жинағанда,  
Қанат серпер қайырылып қарлығашы.

Қайғысы аз ба қалғаннан кеткендердің,  
Білмеді-ау налып кімге, кектенерін.  
Сынағыш пенделер де сын сағатта,  
Арасын тіреп тұрмас көк пен жердің.

Біздерге бар алғысты төк демедім,  
Бірақ сынау өз еркі көп пенденің.  
Ақ батасын біздерге арнай жатар,  
Құрбандары тағдыр дейтін от кемеңің.

Елге пайда бұлардан жоқ демегін,  
Ниетіміз Атажұртқа ақ дер едім.  
Бірге өссе Қажығұмар, Қабдештің ұрпақтары,  
Құдай-ау, осы емес пе бақ дегенің?!

## ТАҒЫЛЫМ

Қаламыммен жыр сайында өрістеген,  
Толтырып поэзияны мол істермен.  
Хакім Абай үлгісі мәдениеттің,  
Сөздерімен білімге кеңес берген.

Тасытып білім деген ыдысты лық,  
Шалқытып көңілдегі ынтаны нық.  
Сөз мәйегін тереңінен түйістіріп,  
Ұғынамыз әр жырын ақыл қылып.

Қара сөзі - байлығы қара қазақтың,  
Әшкересі әрқайсысы мазақтың.  
Ашылып білімнің қарашығы,  
Ғаламаты ақыл ой даналықтың.

Талап, ақыл, қанағатты сүюге,  
Ойды және рақымдықты түюге.  
Үйретеді бес жаманға жолаған,  
Сірә, да оңбас білу керек бүгінде.

Әр жырлары өзгеше биік тұрар,  
Сүрлеуін сөздерімен ерек салар.  
Атамыздың ұлылығын сезінбесек,  
Қазақтықтан ұялу керек шығар.





## ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ!

**Шәкәрім университеті “Дене шынықтыру және спорт” мамандығының 3-курс студенті Жұматаева Талшын Бахрейін Әмірлігінің Манама қаласында өткен MMA аралас жекпе-жекте әлем чемпионы атанды.**



Әлем чемпионатында ел намысын қорғаған Талшын MMA спорты бойынша Шығыс Қазақстан облысынан шыққан алғашқы чемпион қыз. Ол бұған дейін Тайландта өткен Азия чемпионатында көк туымызды желбіреткен болатын.

Талшын бүгін де MMA-дан Қазақстан ұлттық құрамасының спортшысы. Бұған дейін Қазақстан және Азия чемпионы атанып келген жас спортшы енді әлем чемпионы атағын иеленді. Бұл бүткүл қазақ елінің қуанышы. Спортшы қызымызды жеңісімен құттықтаймыз!

Жеңісті күндерің көп болсын!



## ТУРНИР ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

**Баскетболдан, жаттықтырушы Ерсайын Мұхамеджановты еске алуға арналған XIV турнир өз мәресіне жетті.**

Ерсайын Мұхамеджанов – спортшы, жаттықтырушы. Университетімізде дене шынықтыру және спорт бойынша оқытушы – жаттықтырушы болған.

Ғұмырының көп жылдарын балалар баскетболына арнаған. Тәрбиеленушілерге осы спорт түріне деген сүйіспеншілікті үйреткен. Сондай-ақ, студент жастарымен жұмыс істеп, жаттықтырушы ретінде өзінің кәсіби біліктілігін де арттырған бапкер.

Жарыстың салтанатты ашылуында Ерсайын Мұхамеджановтың өмір жолы фотокөрмесі ұсынылды, онда қатысушылар Семей қаласындағы баскетбол тарихымен танысуға мүмкіндік алды.

Турнирге қаланың білім беру мекемелерінің үздік студенттік командалары шақырылды. Барлық командалар жақсы физикалық, техникалық-тактикалық дайындықтарын және моральдық-ерік қасиеттерін көрсетті.

Үш күнге созылған тартысты дода нәтижесінде орындар келесідей бөлінді:



- 1 орын – «Шәкәрім университеті» командасы
- 2 орын – «Семей қаласының құрамасы»
- 3 орын – «Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті» командасы
- 4 орын – «Медициналық университет» командасы

Турнирдің үздік ойыншысы «Шәкәрім университет» құрамасының ойыншысы Арықов Диас болды.

Қаламызда баскетбол спортының дамуына елеулі үлес қосып келе жатқан Ерсайын Мұхамеджанов атындағы турнир – спортқа деген ынтасы бар жастардың қызығушылығын арттырып, жыл сайын ерекшеленіп, көлемі артып келеді.



Құрылтайшысы:  
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті.

Студент - жастарға арналған ақпараттық-танымдық басылым айына бір рет шығады.

Редактор  
Дәулет ТІЛЕУБЕРДИЕВ

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген тіркеу куәлігі № 17310-Г  
13 қазан 2018 жыл.

Редакцияның мекен-жайы:  
Семей қаласы,  
Глинка көшесі, 20 а,  
Телефон: 31-87-78

Газет Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің баспаханасында басылып шығарылды.  
Тел: 31-88-34  
Семей қаласы, Глинка, 20 а  
Таралымы 500 дана